

«Nomad» акциясына қатысу шарттары

1. Акцияны өткізу мерзімі: 2024 жылдың 1 қаңтарынан 31 желтоқсанына дейін.
2. Акция Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында қолданылады.
3. Акцияға B2B сегментінің жаңадан қосылған және қазіргі клиенттері қатыса алады (ЖК, ЖШС).
4. 2024 жылдың 1 қаңтары мен 31 желтоқсаны аралығында "NOMAD", "Seriktes NOMAD" немесе "LTE Business" топтамасын қосқан B2B клиенттеріне shop.telecom.kz сайтынан сыйлық ретінде номиналы 39 200 теңгелік (ҚҚС-пен) 4 портты LTE модемін сатып алуға арналған сертификат табыс етіледі. Сертификаттар саны шектеулі.
5. shop.telecom.kz-тің сыйлық сертификаттары (4 портты LTE модемдері) толық берілген жағдайда клиенттер жалға берілетін жабдықтарға (LTE модемі) жеке төлем төлеуі тиіс.
6. Акция өткізілетін кезеңде "NOMAD", "Seriktes NOMAD", "LTE Business" топтамалар желісін ismet.kz платформасы арқылы қосқан жағдайда B2B клиенттеріне топтамаларда орналасқан Интернет, НТА, iD Phone, ІМОУ КТ қызметтерінің біржолғы төлеміне және орнату жұмыстарына 100% жеңілдік беріледі.
7. Акция аясында клиенттерді қосу және сыйлық сертификатын беру кезінде міндетті түрде "NOMAD", "Seriktes NOMAD", "LTE Business" қызметтер топтамалары бойынша телекоммуникация қызметтерін алуға арналған 4 портты LTE модеміне shop.telecom.kz-тің сертификат беру шарты туралы келісім жасалады.
8. Жасалған келісім аясында клиент қызметтер топтамасын кемінде 4 ай мерзімде үздіксіз пайдалануға міндеттенеді.
9. "NOMAD", "Seriktes NOMAD", "LTE Business" қызметтер топтамаларын 4 айдан кем мерзімде пайдаланған жағдайда, клиенттің дербес шотына сыйлық сертификатының номиналы мөлшеріндегі (ҚҚС-пен 39 200 тг) соманы қосымша есептеу жүргізіледі.
10. Сымды Интернетке ауысқан кезде клиентке сыйлық сертификатының номиналы мөлшеріндегі қосымша есептеу жүргізілмейді.
11. Клиент "NOMAD", "Seriktes NOMAD", "LTE Business" қызметтер топтамасын өшіруге өтініш берген жағдайда, Интернетке қосылудың тұрақсыздығы себебінен қосылған сәттен бастап күнтізбелік 30 күн ішінде, LTE модем қайтарылған жағдайда, сыйлық сертификатының номиналы мөлшеріндегі қосымша есептеу жүргізілмейді.
12. Сертификат алу үшін клиентке немесе оның сенімді тұлғасына (сенімхат болған жағдайда) келісімге қол қою қажет.
13. Клиенттің келісімімен "Қазақтелеком" АҚ сұхбат алуға және сертификатты тапсыру туралы ақпаратты ismet.kz, telecom.kz сайттарында және әлеуметтік желілерде орналастыруға құқылы.

Анықтама: Shop.telecom.kz -Қазақстандағы ең ірі онлайн техника гипермаркеті.

<https://shop.telecom.kz> сайтында сіз кеңсе жабдықтарын, тренингтерді (SkillFactory курстары), кітаптарды сатып ала аласыз. Сондай-ақ, сайтта сыйлықтар мен аксессуарлардың кең санаты бар.

Shop.telecom.kz Қазақстанның келесі өңірлерінде тауарларды жеткізуді жүзеге асырады: Алматы, Астана, Тараз, Шымкент, Атырау, Көкшетау, Ақтөбе, Талдықорған, Петропавл, Қызылорда, Ақтау, Қарағанды, Қостанай, Өскемен, Павлодар.